Қазақстан Республикасы
Атырау облысының әкімдігі
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК
«Атырау облысы Энергетика және
тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық
басқармасы" Мемлекеттік мекемесі

Республика Казахстан
Акимат Атырауской области
КГП «Атырау облысы Су Арнасы»
Государственное учреждение
«Управление Энергетики и жилищно –
коммунального хозяйства
Атырауской области»

060003, Атырау қаласы, М.Әуезов көшесі-80
тел. 45-47-12, факс 45-47-90
ИИК KZ36914032203KZ024LT
«Сбербанк» АҚ ЕБ, Атырау қаласы
БИК SABRKZKA, БИН 050840001451
КБЕ 16
e – mail: info@suarnasy.kz
e – mail: atyrau_suarnasy@mail.ru

060003, город Атырау, улица М.Ауэзова -80
тел. 45-47-12, факс 45-47-90
ИИК KZ36914032203KZ024LT
город Атырау, ДБ АО «Сбербанк»
БИК SABRKZKA, БИН 050840001451
КБЕ 16
e – mail: info@suarnasy.kz
e – mail: atyrau_suarnasy@mail.ru

«11» 05 20 21 г. № 03/1745

«Келісілді»
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК
бас инженерідің м.а.
_____ Лекеров Ғ.Е.
«_____»_____ 2021ж.

«Бекітемін»
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК
директоры
_____ Кенжегалиев А.И.
«_____»_____ 2021ж.

Тұтынушы: **«Мақат аудандық құрылыс бөлімі» ММ**

ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР
132-21.

Объектінің атауы: **3 қатарлы 60 пәтерлі тұрғын үй**
Мекен-жайы: **Мақат ауданы, Доссор кенті, Б.Аймаганбетов көшесі**

I.СУДЫ ТҰТЫНУ

1. Суға қажеттілік: 45,6 $м^3$/тәулік
2. Қосу сызбада көрсетілген Д –110 мм арнайы қалдырылған су құбырындағы құдық арқылы жүзеге асырылсын. Көрсетілген ауданның басқа тұтынушыларының қосылу мүмкіндігі қаралсын. Нысанның құбырының диаметрі жоба арқылы анықталады. Су құбырының қосу нүктесінде ілмекті арматура орнатылсын. Су желісі құбырдың түбіне дейін 1,7м тереңдікте салынуы тиіс. Құбырлар полиэтиленнен жасалуы керек.

Су құбырындағы қосылу нүктесіндегі қысым – 0,1 МПа.
Су құбыры желісі – тұйық.
Су қысымын көтеруші сорап стансасының құрылысы қарастырылсын.
Негізгі құдықтар мен гидранттарда үйлестіруші белгілерді қарастырылсын.

3. Басқа талаптар:

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым тұтынушы мынадай техникалық шарттарды орындаған жағдайда қалалық су құбырынан тәулігіне _____ $м^3$ мөлшерінде су алуға рұқсат береді:

- сапалы ауыз суды технологиялық процесс бойынша ауыз су қажет болатын шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер мен өндірістік қажеттіліктерге рұқсат етіледі. Белгіленген лимиттен тыс ауыз су сапасындағы суды жұмсауға рұқсат етілмейді;
- жасыл желектерді суару үшін сапалы ауыз суды пайдалануға қатаң тыйым салынады;
- "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 36-1) тармақшасында көзделген жасыл желектерді суару үшін сапалы ауыз суды пайдалану;
- 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органның суару кестесін келісуімен бассейндік аумақтық инспекциялар;

Шаруашылық–ауыз су құбырын қосу:

- жобаланған тоңазытқыш қондырғылары, жуғыш, субұрқақтар мен бассейндер үшін, техникалық сумен жабдықтау сызбасын таңдаған жағдайда айналмалы сумен жабдықтауды көздеу;
- құрылыстың жаңа технологияларын және құбырлардың жаңа материалдарын қолдана отырып, жобаны әзірлеу;
- мынадай қайнаған қабаттағы эпоксидті жабу жүйесін қолдана отырып, жоғары сапалы коррозияға қарсы жабыны бар жоғары беріктігі бар шарографты шойыннан жасалған өрт гидранттарын қолдану;
- су құбырын пайдалануға қосу алдында «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-ы өкілінің қатысуымен құбыр желісін гидравликалық сынау, жуу, хлорлау жүргізу. Аккредиттелген зертханада ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелерінің су сапасына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне жуылатын құбырдан алынған суды зертханалық зерттеу нәтижелерін алу.
- коммуналды су құбыры желілеріне қосу (ойып салу) «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-ң қызметімен жүргізіледі;
- **импульсты шығуы бар (с импульсным выходом), мәліметтерді қашықтықтан беретін құралдарымен жабдықталған (оснащенный средствами дистанционной передачи данных), механикалық немесе магниттік-механикалық сүзгісі бар жалпыүйлік су есептегіш құрал (общедомовой прибор учета воды) орнатылуы тиіс.**
- кіреберіс су құбырындағы қосу нүктесінде қысымды өлшеу үшін манометр және Д-15 мм вентиль қарастыру қажет.
- ішкі және сыртқы өрт сөндіру қолданыстағы ҚНжЕ сәйкес қарастыру керек.

2. Су бұру

1 1. Ағынды суларды бұру 45,6 $м^3$/ тәулік

Сарқынды суларды ағызып жіберу сызбада көрсетілген өзі аққыш канализация коллекторының құдығына дейін жобалансын. Желінің диаметрі, еңкіштігі, желінің бастапқы орналасу терендігі, құдықтардың салу айырмасы 4.01.03-2011 ҚНжЕ бойынша қабылдануы тиіс.

Көлденең бағытталған бұрғылау әдісімен өздігінен ағатын кәрізді жобалауға және салуға жол берілмейді.

Техникалық қызмет көрсету станциялары, автожуу үшін өнеркәсіптік дайындалған өлшенген заттар мен мұнай өнімдерінен жергілікті тазартуды орнату қажет. Сынама алу үшін бақылау құдығын орнату.

Кафе, мейрамханалар мен қоғамдық тамақтану объектілері үшін өнеркәсіптік дайындалған май ұстағыш орнату қажет. Сынама алу үшін бақылау құдығын орнату қажет.

Жиектері қарау құдығының люгі деңгейінен төмен орналасқан санитариялық аспаптарды орнату кезінде сарқынды суларды электр жетегі бар ысырма құрылғысы бар жеке шығару жолымен ағызуды жүргізу қажет.

Мынадай болат өзекшесі бар NBR вулканизацияланған эластомерінен жасалған нығыздағышы бар қалындығы 250 мкм полимерлі эпоксидті жабыны бар корпусы шарографитті шойыннан жасалған; қозғалу гайкасы жезден жасалған; шпиндель және жалғастырушы элементтер, ысырманың дискісі тот баспайтын болаттан жасалған; ысырманың дискісін тазалауға арналған полимертетрафторэтилен және ұнтақ қоладан жасалған салынған бағыттағыштары бар эластомерден жасалған көлденең тығыздау бейіні; өндіруші зауыттан кепілдендірілген пайдалану мерзімі кемінде бір жыл болатын екі жақты герметикалығы бар пышақ (шиберлік) ысырмаларын қолдану.

Коллекторлар мен көше желілеріне қосуды «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-ы қызметімен жүргізіледі.

Өтпелі құдықтардың құрылысы магистральдық желілерге қосылғанға дейін көздеу.

Химиялық және органикалық құрамы бойынша ағызылатын сарқынды сулардың сапасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау қағидаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Жергілікті сумен жабдықтау және канализация тазалау ғимараттары, сумен жабдықтаудың айналмалы жүйесінің ғимараты ҚР Экология және Биоресурстар министрлігінің аумақтық органдарымен және Мемсанқадағалаумен келісуге тиіс.

Ш. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Күзет аймағының шегінде кез келген объектілер мен құрылыстардың құрылыс, монтаждау және жер жұмыстарын жүргізуге, тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға, әртүрлі алаңдар, автокөлік тұрақтары орнатуға, әртүрлі материалдарды жинауға, қоршаулар мен дуалдар салуға тыйым салынады, сондай-ақ «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-ң келісімінсіз стационарлық құрылыстар орнатуға, ағаштар мен бұталар отырғызуға, жер жұмыстарына жол берілмейді.

Су құбыры және кәріз желілерінің құбырларын жөндеуге қызмет көрсету, пайдалану үшін жүріп өтуді және еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Ұйымдардың, лауазымды, заңды және жеке тұлғалардың кінәсінен желілер мен олардың конструкциялары зақымданған кезде залалды өтеу толық көлемде олардың есебінен жүргізіледі

Жер қазу жұмыстары қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімдерімен, «Атырау Жарық» АҚ-мен, «Атырау Жылу Жүйелері» АҚ-мен, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ӨФ-мен, «АтырауГазИнвест» ЖШС-мен «Қазақтелеком» АҚ-мен, Атырау облысы Ұлттық қауіпсіздік департаментімен, «КазТрансКом» АҚ-мен «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-мен, қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы ЖК және АЖ бөлімімен келісіліп жүргізілуі тиіс.

Сыртқы су құбыр және кәріз желілерінің жобасын «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-мен келісілуі тиіс.

Жер қазу жумыстарын жүргізу алдында «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-ң өкілі шақыртылуы тиіс.

Жүйелерді гидравликалық сынаудың жүргізілуі және нәтижелері туралы акті «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы қажет.

Суды бактериологиялық талдаудың теріс нәтижелерін ұсына отырып, сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарын жуудың және дезинфекциялаудың жүргізілгені туралы акті «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы қажет.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің теңгерімдік тиесілігін шектеу туралы акті «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы қажет.

Есепке алу аспабын орнатудың және оларды пломбалаудың дұрыстығын тексеру актісін «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы қажет.

Тұтынушы объектісінің сумен жабдықтау және/немесе су бұру жүйелерінің елді мекендегі сумен жабдықтау және/немесе суды бұру жүйелеріне қосылуға техникалық әзірлігінің және көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің техникалық талаптарын орындаудың актісін «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы қажет.

Салынған су және канализация құбырларын коммуналдық желілерге қосу «Атырау облысы Су Арнасы» КМК қызметтерімен нысанды салушының жазбаша тапсырысы бойынша орындалады.

Салынған сыртқы су құбыры және канализация желілерінің орындалу құжаттары «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-не тапсырылуы тиіс.

Суды пайдалану және лас суларды бұруға келісім шарт жасақтау, шаюға пайдаланылған су көлемі үшін төлем жүргізу.

Осы техникалық шарттар су және канализация құбырларына қосылуға негіз болып табылмайды. Берілген техникалық шарттардың барлық талаптары орындалғаннан кейін ғана «Атырау облысы Су Арнасы» КМК жүйелеріне қосылуға рұқсат беріледі. «Атырау облысы Су Арнасы» КМК пайдаланатын су және канализация жүйелеріне өз бетімен қосылған жағдайда берілген техникалық шарттар өз күшін жояды.

Техникалық шарттардың қолданылу мерзімі жобалау мен құрылыстың нормативтік мерзімдеріне сәйкес келеді.

Жалғанды: Қосу нүктесі көрсетілген орналасу сызбалары.

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК
өндірістік-техникалық қызмет бөлімі бастығы **Н.Д.Борбаева**

Орын.Сагинабаев Ж.
Тел.76-37-58

Қосу нүктесі көрсетілген орналасу сызбасы

ТШ Тіркеме _____

Канализация құбырына қосылу нүктесі

су құбырына қосылу нүктесі